




«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі



Бекітемін

И. Беркінбаева

«Білім күні» атты ертеңгіліктің іс – шарасы

Қ/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ертеңгіліктің іс – шарасын жасап, бекіту	27.08.2024 ж	Әдіскер А. Мақұлбекова
2	Балаларды ертеңгілікке дайындау	Ертеңгілік өткенге дейін	Тәрбиешілер
3	Бақшаны мерекеге сай безендіру	29.08.2024 ж	Әдіскер А. Мақұлбекова Тәрбиешілер
4	«Білім күні» атты ертеңгілік өткізу	02.09.2024 ж	Тәрбиешілер

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы

«Білім күні»

/ертеңгілік/

2024 – 2025 оқу жылы



Тақырыбы: «Білім күні»

Максаты: білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, «білім білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу

Жүргізуші: Балалар, жадыраған жаз да аяқталып, жомарт күз келді. Бүгін күздің алғашқы күні 1-қыркүйек. Бұл ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиеші мен ұстаздар үшін де, ең қуанышты күндердің бірі. Жаз бойы демалған оқушылар үлкен сағынышпен мектептеріне оралып жатса, сендер де өз жастарыңа лайықты білім алып, тәрбие алып жүрсіндер. Білімге талпынған балапан қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын!

Хормен: Кел, балалар

Ойын ойнайық

Бақшамызда «Білім күнін»

Бірге тойлайық.

Кел, балалар,

Өн де салайық.

Білім күнін қуанышпен

Қарсы алайық.

Кел, балалар,

Кімде өнер бар.

Ортаға сап өнеріңді

Күліп ойнаңдар.

Жүргізуші: Биіктерге бастайтын асқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні

Мерекеде бәріміз бір дауыспен

Шырқайық еліміздің әнұранын!

ҚР Мемлекеттік әнұраны.

Жүргізуші: Шайдай ашық бейбіт күннің аспаны

Ауламыздың келісіп тұр бар сәні

1-қыркүйек салтанатты мерекемен

Құттықтайды меңгеруші баршаны!

Сүйікті апайымыз- Беркінбаева Индираға құрметті сөз кезегін береміз.

Есіктен тарпылдап керіліп-созылған, ұйқылы – ояу Жалқаубек кіреді. Қолындағы қампиған сөмкесін қойып: -Уһ, жеттім-ау, әйтеуір.

Сәлеметсіздер ме?

Сәлеметсіз бе? (Балалар жауап қайтарады).

Жүргізуші: Оу, Жалқаубек, жасың онға келгенде балабақшаға келгеніңе жол болсын?

Жалқаубек: (қисаңдап, балаларға күлкілі кейіппен) Қайдағы балабақша? Мен мектепке келдім емеспе? Өйткені апам айтты ғой, мектепте білім күні өтіп жатыр деп. Балалардың әңдетіп жатқанына карағанда мектеп осы болар, тым болмаса тойларыңа қатысайын деп сөмкемді тоқашқа толтырып келіп тұрмын.

Жүргізуші: Ай, Жалқаубек, Жалқаубек, саған не дейін Бізде де «Білім күні» өтіп жатқаны рас. Өйткені білімге деген құштарлық балабақша жасынан басталады. Жалқаулықпен балабақша есігін ашпадың, сен оны қайдан білесің?

Жалқаубек: Не, сонда, мына балалар бірдеме білеме?

Жүргізуші: Көз жеткізгің келсе, төрге шығып қонақ бол. Ал, балалар мерекеге арнаған кімнің дайындығы бар.

Би: «Жалқаубек»

Орындайтын: «Ұлдар» тобы

Ал, енді балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Нұрәли: Сәлемдесе білетін,

Мен әдепті баламын.

Сауат ашып бақшадан,

Білімге бастау аламын.

Ернар: Білім ғана көтерер,

Биігіне адамды.

Көзін ашып үйретер

Жақсы мен жаманды

Асылай: Жамандықтан жирентіп,

Жақсылыққа үйреткен.

Тілімді таза сөйлетіп

Өн салдырып, билеткен

Апайларға мың алғыс!

Ақберен: Ертеңменен ерінбеймін,

Балабақшама келемін.

Көп жайлардың сырын ұғып,

Аты-жөнін білемін.

Бәрін өзім талаптанып,

Үйренемін бақшадан

Балапанмын білімімен

Биік ұшар бакшадан.

Абдурахим: Мен әдепті баламын.

Биыл беске толамын.

Қалам алып, сурет салып

Бірге өсті талабым.

Ұлпан: Алты жасқа толамын

Буынды қосып сөздерден

Сөйлем құрай аламын.

Әріптерді құрастырып,

Біліміммен биікке

Ұшсам деймін қалықтай.

Ән: «Ауылға» Орындайтын: Асылай

Би: «Күй»

Жалқаубек: Ой, керемет өздері менен кіші болса да құлшынып тұр ғой тегі. Өттең босқа уақытымды өткізіп алғаным-ай-а?! Эх, ерінбей, жалқауланбай балабақшаға келсем ғой, мен де көп нәрсені үйреніп білмек екенмін. (ренішті кейіп білдіреді)

Жүргізуші: Олай деп өкінбе, Жалқаубек, әлі де кеш емес, тек жалқаулықты тастасаң болды.

Білім жалғыз мектепте емес,

Білім үйде, көшеде.

Білім сені аялаған,

Өлпештеген шешеде, емес пе?

Талап қойсаң, білім үйренуге ешуақытта кештік қылмайды.

Жалқаубек: Рас па, онда келістік апай, балалардың алдында сөзімді беремін, бүгіннен бастап, Жалқаулықты тастап, мектепке барамын.

Жүргізуші: Міне, тамаша біз де сені Жалқаубек емес Азамат деп атаймыз. Талабыңа нұр жаусын! Енді біздің биіші қыздарымыздың өнерін тамашала.

Би: «Гүл көбелек»

Азамат: Бәрі де керемет екен. Ал, енді мен мектептен кешігіп қалмау үшін рұқсат болса кетейін. Мына бауырсақпен балалар мереке соңында шай ішсін. Қолыма портфель алып, ішіне, оқу құралдарын салып, мектепке барайын! Ал, балалар сау болыңдар!

Балалар: Сау болыңыз!

Ән: «Тәтті ару» Орындайтын: Ақберен

Жүргізуші: Мереке тағы да құтты болсын! Жаңа оқу жылының алғашқы оқу қызметін бастау үшін тобымызға асығайық.


Шаршамай-талмай білім теңізіне сүңгіік!

Биіктерді бағындырудан жалықпайық.

«Білім күні» атты ертеңгіліктің анықтамасы

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай - бақшасында 2024 жылдың 2 қыркүйегі күні «Білім күні» атты ертеңгілік болып өтті. Балабақша ауласы ертеңгілікке сай безендіріліп, мерекелік көңіл – күймен өткізілді. Ертеңгілікте балалар өз өнерлерін ортаға салды. Бірі білім туралы тақпақ, бірі ән айтып, енді біреуі би билеп, мәз болды. Жалқаубек образын көрсету арқылы балаларды жалқаулықтан аулақ болып, білім алуға деген құмарлығын оятты. Жалқаубекке балалар түрлі өнер көрсетті. Қыздар «Гүл көбелек» биін билесе, ұлдар Жалқаубекті ортаға алып тамаша би көрсетті. Бүлдіршіндерді түрлі қырларынан көрген ата – аналар балабақша ұжымына өз ризашылықтарын білдірді.

Ұсыныс: Балаларға Білім күнінің ерекшелігі туралы мағлұмат беру

Әдіскер:  А. Мақұлбекова